

"Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу" мемлекеттік қызметтің регламентін бекіту туралы"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2012 жылғы 23 қарашадағы № 803 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 14 желтоқсанда № 8195 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің 2014 жылғы 26 наурыздағы № 209 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Көлік және коммуникация министрінің 26.03.2014 № 209 бұйрығымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

«Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 9-1-бабының 4-тармағымен және «Жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 745 қаулысына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу» мемлекеттік қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (Р.Р. Нұршабеков) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден кейін оны бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауды және Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация вице-министрі С.С. Сарсеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр *А. Жұмағалиев*
Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2012 жылғы 23 қарашадағы

«Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу» мемлекеттік қызмет регламенті

1. Жалпы ереже

1. Осы «Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу» мемлекеттік қызмет регламенті (бұдан әрі - Регламент) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 1-бабының 2) тармақшасына, «Әкімшілік рәсімдер туралы» Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы 9-1-бабы 4-тармағына және «Куәландырушы орталықтарды аккредиттеуді жүргізудің қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 19 қарашадағы № 1222 қаулысымен (бұдан әрі – Қағида) және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 қыркүйектегі № 1241 қаулысымен бекітілген «Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу» стандартына (бұдан әрі - Стандарт) с ә й к е с ә з і р л е н д і .

2. Осы Регламентте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) құрылымдық-функционалдық бірлік (бұдан әрі - ҚФБ) - мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне қатысатын мүдделі органдардың жауапты адамдары, ақпараттық жүйелері немесе олардың кіші жүйелері;

2) сараптамалық комиссия – Министрлік құрған, куәландырушы орталықтарды аккредиттеу жөніндегі комиссия;

3) мемлекеттік қызметті алушы (бұдан әрі - Алушы) – заңды тұлға;

4) куәландырушы орталық – электрондық цифрлық қолтаңбаның ашық кілтінің электрондық цифрлық қолтаңбаның жабық кілтіне сәйкестігін куәландыратын, сондай-ақ тіркеу куәлігінің дұрыстығын растайтын заңды тұлға;

5) куәландырушы орталықты аккредиттеу (бұдан әрі - аккредиттеу) - куәландырушы орталықтың қызметтер көрсетудегі құзыретін уәкілетті органның р е с м и м о й ы н д а у ы .

3. «Куәландырушы орталықтарды аккредиттеу» мемлекеттік қызметті (бұдан әрі – Мемлекеттік қызмет) Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің Байланыс және ақпараттандыру комитеті (бұдан әрі – Уәкілетті о р г а н) к ө р с е т е д і .

4. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нысаны: автоматтандырылмаған.

5. М е м л е к е т т і к қ ы з м е т :

1) «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы»

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы Заңының 1-бабы 2) тармақшасы ;

2) С т а н д а р т ;

3) Қағидалар негізінде көрсетіледі.

6. Көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі куәландырушы орталықты аккредиттеу және қағаз тасығышта куәландырушы орталықты аккредиттеу туралы куәлікті (бұдан әрі – куәлік) не қызмет көрсетуден бас тарту туралы қағаз тасығыштағы дәлелді жауап беру болып табылады.

7. Мемлекеттік қызмет ақысыз көрсетіледі.

2. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын талаптар

8. Мемлекеттік қызметті уәкілетті орган демалыс және мереке күндерін қоспағанда, түскі асқа сағат 13.00-ден бастап 14.30-ға дейін үзіліспен сағат 9.00-ден бастап 18.30-ге дейін күн сайын көрсетіледі, Қызметті алу үшін алдын ала жазылу талап етілмейді. Жеделдетілген қызмет көрсету режимі көзделмеген. Заңды мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Орынбор көшесі, 8-үй, 14-кіреберіс, кабинеті № А757, телефон: (87172) 74-03-64.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жедел қызмет көрсетусіз, кезек тәртібінде көрсетіледі.

9. Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі және оны алу үшін қажетті құжаттар туралы ақпарат Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің www.mtc.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылады немесе 8 (7172) 74-06-85 телефоны бойынша беріледі.

10. Мемлекеттік қызметті алу үшін Алушы немесе сенімхат бойынша оның уәкілетті өкілі Стандарттың № 11-тармағында көзделген құжаттарды тапсырады.

11. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері Стандарттың 7-тармағында көрсетілген.

12. Мемлекеттік қызмет көрсетуде кері қайтару негіздері Стандарттың 16-тармағында көрсетілген.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету кезеңдері:

1) құжаттамалық қамтамасыз ету қызметінің жұмыскерлерімен қызметкерлері (бұдан әрі - ҚҚҚ) парақтардың санын, бақылау белгілерін көрсетумен электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесінде құжаттарды қабылдау, ашу, іріктеу және тіркеуді жүргізеді. Алушы тіркеу мөртабаны қойылған (кіріс нөмірі, күні) өтініштің көшірмесін алады. Почта бойынша құжаттарды тапсырған жағдайда, Алушы 8(7172) 74-03-64 телефоны бойынша ҚҚҚ-де қарауға құжаттардың пакетін қабылданғаны туралы біле алады;

2) ҚҚҚ тіркелген құжаттарды Уәкілетті органның басшылығына жібереді;

3) Уәкілетті органның басшылығы Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының бастығына құжаттарды қарауға тапсырады;

4) Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының бастығы қажетті құжаттардың толықтығын және рәсімдеудің дұрыстығын қарайтын, тексеретін сарапшыға/бас сарапшыға құжаттарды қарауға тапсырады, Комиссия құрады және жұмысын ұйымдастырады ;

5) Комиссия өтініштердің және оған қоса берілген құжаттардың Қағидалардың белгіленген талаптарына сәйкестігін қарайды;

6) Комиссия қараудың негізінде бес данада хаттама құрады, оның бірі Алушыға жіберіледі ;

7) Комиссия құжаттар тексерісінің оң нәтижесі жағдайында Алушыға хабарлама және тексерудің мерзімдерін жібереді;

8) Комиссия куәландырушы орталықтың көшпелі зерттеуін жүзеге асырады, тексеру нәтижелері туралы актіні рәсімдейді;

9) Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы зерттеудің нәтижелері туралы актінің негізінде Аккредиттеу туралы куәлікті береді немесе аталған куәлікті беруден бастартады .

14. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін Алушының құжаттарын қабылдау ҚҚҚ қызметкері Уәкілетті органның жұмыс кестесіне сәйкес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіндегі іс-әрекеттер (өзара іс-әрекеттер) тәртібінің сипаттамасы

15. Мемлекеттік қызмет көрсету үдерісіне мынадай құрылымдық-функционалдық бірліктер (ҚФБ) іске қосылған: 1) Қ Қ Қ ;

2) Уәкілетті органның басшылығы;

3) Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының бастығы;

4) Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының сарапшысы/бас сарапшысы ;

5) Комиссия .

16. Әр ҚФБ-нің іс әрекетінің (рәсімдерінің) нақты орындалу мерзімі және әкімшілік қарым-қатынастары мен мәтіндік кестелік сипаттар тізбегі осы

Регламенттің 1-қосымшасында келтірілген.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі әкімшілік әрекеттердің логикалық тізбегі мен ҚФБ-нің арасындағы өзара қарым-қатынастарды бейнелейтін сызбалар осы Регламенттің 2-қосымшасында келтірілген.

Қазақстан Республикасы

Көлік және коммуникация

министрінің

2012 жылғы 23 қарашадағы

№ 803 бұйрығымен

бекітілген «Куәландырушы

орталықтарды аккредиттеу»

мемлекеттік

қызмет

регламентіне

1-қосымша

1-кесте. ҚФБ іс-әрекеттерінің (рәсімдерінің) сипаттамасы

Негізгі үдерістің әрекеті (барысының, жұмыс ағынының)					
1	2	3	4	5	6
Әрекеттің (барысы, жұмыс ағыны) №	1	2	3	4	5
2 ҚФБ атауы	ҚҚҚ	Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасының сарапшысы/бас сарапшысы;	Комиссия	Комиссия	Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасы
3 Әрекеттің (үрдіс, рәсімдер, операция) атауы және олардың сипаттамасы	Құжаттарды қабылдау және тіркеу	Қажетті құжаттарды рәсімдеудің дұрыстығын қарау, тексеру, Комиссияның жұмысын ұйымдастыру;	Қағидалардың белгіленген талаптарына сәйкестігіне өтініштерді және оған қоса берілген құжаттарды қарау	Куәландырушы орталықты шығу зерттеуі	Куәландырушы орталықты зерттеудің қорытындыларын қарау. Аккредиттеу туралы куәлікті беру немесе Аккредиттеу туралы куәлікті беруден бас тарту.
	Алушының өтінішін және оған қоса берілген құжаттарды				Аккредиттеу туралы куәлікті

4	Аяқталу нысаны (деректер, құжат, ұйымдық-басқарушылық шешім)	Уәкілетті органның Байланыс және ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау басқармасына жолдау	Комиссияны құру	Куәландырушы орталықты шығу зерттеуі	Тексеру нәтижелері туралы актіні рәсімдеу	беру немесе Аккредиттеу туралы куәлікті беруден бас тарту туралы жазбаша дәлелді жауап
5	Орындалу мерзімі	15 минут	5 күнтізбелік күн	5 күнтізбелік күн	18 күнтізбелік күн	2 күнтізбелік күн

Қазақстан Республикасы
Көлік және коммуникация
министрінің
2012 жылғы 23 қарашадағы
№ 803 бұйрығымен
бекітілген «Куәландырушы
орталықтарды аккредиттеу»
мемлекеттік қызмет регламентіне
2-қосымша

**Мемлекеттік қызмет көрсету процесіндегі әкімшілік әрекеттердің
логикалық тізбегі мен ҚФБ-нің арасындағы өзара
қарым-қатынастарды бейнелейтін сызбалар**

